

determining the primary breakdown of proteins in the broth, the broth remained transparent. Text for that the food value of meat depends on his chemical composition, therefore determination of albumen, fat, carbohydrates, mineral substances and vitamins behaves to the most essential researches. In our research we discovered that maintenance of fat in an experimental group had increased on the 0,8в comparing to the control group. On in 100 gs meat in an experimental group 145,2 makes a kkal, and in a control group 143,0 made a kkal.

We consider that calorie content meat of bird higher in an experimental group from adding to the feed. Based on the study, it was concluded that the application of the feed additive “Felutsen” in the diet of birds is beneficial.

ӘОЖ 619:616.33-002:636.2

Ибраева М.М., магистрант

Закирова Ф.Б., ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, доцент

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Орал қ., Қазақстан Республикасы

БҰЗАУ ДИСПЕПСИЯСЫНЫҢ ЭТИОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ЗАМАНАУИ ПРЕПАРАТТАРДЫ ҚОЛДАНУДАҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

Аннотация

Мақалада Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, «Давлетова» шаруақожалығындағы бұзаулардың диспепсияға шалдығу этиологиясын анықтау жұмыстары мен ауруға шалдыққан төлдерге қолданылған емдеу шара нәтижелері жөнінде баяндалады. Төлдердегі (бұзауларда) диспепсияны емдеуде ең басты ағза үшін мүмкіндігінше зиясыз ем тағайындау тәсілдерін қарастырған жөн. Сол себепті табиғи өсімдіктермен емдеу (фитотерапия), нақтырақ ағза үшін биологиялық белсенді заттарды қолдану жолдарының маңызды болары анық. Мұндай заттарға үштерпеноидты шикізатты жатқызуға болады.

«Диспепсия» терминін алғаш рет 1875 жылы австриялық дәрігер-педиатор Видергофер енгізді. «Диспепсия» дегеніміз патологиялық-анатомиялық өзгерістері байқалмайтын, ішек-қарын жолы қызметінің бұзылуының клиникалық тұрғыда байқалуы.

Зерттеу материалы ретінде аталмыш шаруашылықтың 18 бас төл алынды. Зерттеу кезінде төлдердің жас ерекшеліктері, азықтандырылуына, бағылуына көңіл бөлінді. Зерттеуге алынған шаруа қожалығындағы диспепсияға шалдыққан бұзауларға ғылыми тұрғыда зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы табиғи өсімдіктекті стартин препаратын салыстырмалы дозада қолданып, зерттеу нәтижелерінің тиімді тұсын нақтылау болып табылады.

Стартин-полиэтиленді үш пакетте өлшеніп-оралған, жалпы салмағы 550 г ұнтақ тәрізді заттардың жиынтығы. Стартин ішек қуысында патогенді микрофлораны басады, казеин бездерінің сычугасында пайда болуын ескертеді, ағзадағы су-тұз тепе-теңдігін қалыпқа келтіреді, ас қорытуды ынталандырады.

Түйін сөздер: бұзау диспепсиясы, этиология, регидратталған сулы ерітінді, стартин.

Қазіргі таңда жануарлар арасындағы асқазан-ішек жолдарының ауруларының алдын алу қоғамда әлеуметтік маңызға ие болып отыр. Себебін нақтылар болсақ, адамдар арасында жануарлар өнімдерін, соның ішінде шошқа және құс өнімдерін қабылдау кезінде өнімдерден сальмонелла, эшерихия, иерсиния тағы сол секілді азықтық улануға әкеп соқтыратын аурулардың жұғымдалдық (контаминация) көрсеткішінің артуына алып келеді. Жануарлар мен құстардың мүшелері мен ұлпаларында шоғырланып, қарсы тұру қабілетінің (резистенттілік) төмендеуі салдарынан ішек микроағзаларының ағзадағы транслокациясы (сау клеткаларының ауру тудырушы клеткалармен алмасуы) байқалады.

Зерттеу тақырыбының мазмұнына сай қазіргі уақытта клиникалық тәжірибе дәлелдегендей, жас төлдер (бұзаулар) арасында токсикалық диспепсияның кездесуі олардың физиологиялық тұрғыда өсіп-жетілуіне мейлінше кері әсер ететіндігі дәлелденуде.

Алайда бұл аурудың алдын алу мен емдеудің арнайы бір радикалды тәсілдері әзірге жоқ. Сол себепті де аталған мәселені шешу жолдары ғылыми салада жан-жақты зерттелінуде.

Төлдердегі (бұзауларда) диспепсияны емдеуде ең басты ағза үшін мүмкіндігінше зиясыз ем тағайындау тәсілдерін қарастырған жөн. Сол себепті табиғи өсімдіктермен емдеу (фитотерапия), нақтырақ ағза үшін биологиялық белсенді заттарды қолдану жолдарының маңызды болары анық. Мұндай заттарға үштерпеноидты шикізатты жатқызуға болады [1].

Олар аурудағы қабынулық үрдістерге қарсы, минералдыкортикоидты, гепатопротекторлы, спазмолитикалық әсері және асқазан асты безінің қызметін белсендіреді, дегенмен ветеринарияда бұл заттарды аз пайдаланады. Үштерпеноидты шикізатты алудың ең оңай жолы бірнеше тонналық өндірістік қайың қабығының қалдығы болып саналады. Құрамына келсек көлемі бойынша берест (қайың қабығы) 40%-ды құрайды [2-4].

Зерттеудің мақсаты: Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Приречное ауылы «Давлетова» ШҚ-ғы бұзаулардың диспепсия ауруын емдеу және алдын алу мақсатында табиғи негіздегі заманауи препараттарды қолданудың тиімділігін анықтап, емдеу тәсілін ұсыну.

Зерттеу әдістемесі: Зерттеуге алынған шаруа қожалығындағы диспепсияға шалдыққан бұзауларға ғылыми тұрғыда зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы табиғи өсімдіктекті стартин препаратын салыстырмалы дозада қолданып, зерттеу нәтижелерінің тиімді тұсын нақтылау болып табылады.

«Диспепсия» терминін алғаш рет 1875 жылы австриялық дәрігер-педиатор Видергофер енгізді. «Диспепсия» дегеніміз патологиялық-анатомиялық өзгерістері байқалмайтын, ішек-қарын жолы қызметінің бұзылуының клиникалық тұрғыда байқалуы [5,6]

Диспепсия – әртүрлі факторлардың әсерінен пайда болатын ауру. Жаңа туылған бұзаулардың диспепсиясы шаруашылыққа көп шығын әкелетіні белгілі. Жаңа туылған бұзаулардың өлімінің жоғары деңгейін, аурудан айыққан малдарды сүтті және етті бағыттағы өнімділігінің деңгейінің төмендеуі, олардың ерте жарамсыздыққа шығарылуы, ветеринариялық іс-шаралардың шығындары сүт шаруашылығының табыстылығын азайтады [7,8].

Осы аурудың пайда болу себептеріне, ең алдымен жаңа туылған бұзауларды (Gunter H., et al., 1989; Odde K.G., 1989) және буаздықтың екінші жартысында буаз сиырларды күтіп-бағу технологиясының бұзылуы жатады. Диспепсияның пайда болуына кешенді себептер әсер етеді және бұл ауру полиэтиологиялық болып табылады.

Зерттеушілердің пікірінше, бұл факторлар бір уақытта және өзара тығыз байланыста әрекет етуі мүмкін, және көп жағдайда диспепсия пайда болуының іске қосу механизмі болып табылады. Әрине күрделі этиология анықтау мен емдеуде қиындықтар тудырады. Этиологиялық факторларға байланысты диспепсияның келесі жіктелуі ұсынылды:

1. Органикалық текті диспепсия, туа біткен гипотрофиясы бар бұзауларда пайда болады. Туа біткен гипотрофия - аналықтың ішінде ұрық дамуының генетикалық немесе орта ауытқушылықтың өзіндік білінуі.

2. Қызметтік (рефлекторлы-күйзеліс) сипаттағы диспепсия. Сыртқы ортаның әртүрлі тітіркенуінің көп әсерінің салдарынан пайда болады.

3. Казеинді-безоарлы ауру — гипотрофик-бұзаулардың секреторлық аппаратының гипофункциясы кезінде бұзауларды дұрыс азықтандырмау салдарынан ұлтабарда казеин тығыз ұйындысының қалыптасуы.

Клиникалық дамуы бойынша диспепсияны былайша бөледі: 1) қарапайым диспепсия – жеңіл өтеді және тез сауығады; 2) бір қалыпты-ауыр диспепсия; 3) ұлтандыратын диспепсия — ауыр емделеді және жағымсыз болжам.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, диспепсияның түрлерінің пайда болуы ең алдымен буыздылық кезінде сиырдың физиологиялық күйіне байланысты болады. Буаз сиырларды құнарлы азықтандырмау және дұрыс күтіп-ұстамау туылғаннан кейін тез арада диспепсияға бейім әлсіз бұзаулардың туылуына алып келеді.

Буаздық кезеңде аналық-сиырларды құнарсыз азықпен азықтандыру зат алмасудың бұзылуына, бауырдың бейтараптандыру қызметі бұзылғанда зат алмасудың тотықпаған өзге де өнімдерімен ұрықжолдасының кедергісі арқылы ұрыққа өтетін кетонды дененің өсуіне алып келеді. Бұл ұрықтың сезімталдығына немесе оның жатыр ішілік улануына әсер етеді.

Зерттеулер көрсеткендей, жаңа туылған бұзаулардың ас қорыту процесінің бұзылуын салқын уыз тудыруы мүмкін. Уыздың 31-39⁰С қызуы ішек бездерінің секреторлық қызметін күшейтуге әсер етеді. Қызуы 14-16⁰С дейін уызды бергенде, ол төмендейді және он екі елі ішекке түсуі азаяды, нәтижесінде іш өту мен диспепсия пайда болады.

Сонымен бірге, сиыр қорадағы қызудың жаңа туылған бұзаулардың ағзасына жағымсыз әсер ететіні және бұл жағдайда диспепсияның пайда болуы байқалды [10].

Мысалы, сиыр қораның дұрыс желдетілмейтін бөлігінде бұзаулардың 40 пайызы диспепсиямен ауырды және 25 пайызы өлім-жітімге ұшырады, ал жасанды желдеткіші бар және ауа жылытылатын бөлікте бұзаулардың 10 пайызы ауырып және 2 пайызы өлім-жітімге ұшырады [11].

Зерттеулердің мәліметтері бойынша, диспепсия кезінде қалжырататын іш өтудің нәтижесінде су, электролиттер, ақуыздар, гамма-глобулиндер және дәрумендер жойылады. Осылайша, ауру бұзаудың ағзасынан сұйық нәжіс массасымен, судың көп мөлшерімен бірге, натрий, хлоридтер, калий және магний шығады, ұлпалар құрғайды, зат алмасу өзгереді, қан қоюланады. Қандағы арнаулы элементтердің саны ұлғаяды, ал қан мен лимфаның сұйық бөлігі азаяды.

Ағзаның құрғаюы – диспепсия кезіндегі негізгі клиникалық белгі екені зерттеулер арқылы анықталды. Ағзаның ұлтабар мен ішектің саңылауындағы уытқа қорғаныс реакциясы эндогенді натрийдің көп мөлшерімен судың есебінен ішек құрамының сұйылуымен байқалады. Сонымен бірге, осы уақытта қанға калий, кальций мен магнийдің, хлор аниондарының қалған катиондарының сіңуі жүреді. Осы мезгілде ішектегі натрий күшті толқи жиырылу кезінде ішектің артқы бөлімдерінде сіңіріліп үлгерілмейді. Осылайша, онда пайда болған жоғары осмос қысымы су мен ас қорыту сөлдерінің бөлігін ұстап қалады.

Сонымен бірге, келіп түсетін калий қанның ұлпасы мен сарысуының экстрацеллюлярлық сұйықтығын толтырады, бұл жағдай гиперкалиемия қауіпін туғызады. Жасушадан тыс сұйықтықта иондалған калийдің артық мөлшері тегіс бұлшықеттің тонусын күшейтеді, бұл өз кезегінде сонымен бірге ішектің толқи жиырылуын күшейтеді. Сонымен қатар, физиологиялық процестердің нейроэндокринді реттелуінің жоғары бөлімдерінде де реакция байқалғаны белгіленді. Гипоталамус ағзада қауіп реакциясына әсер ете отырып, вазопрессинді бөле бастайды, нәтижесінде алғашқы несептен судың қайта сіңірілуі күшейеді, несеп бөліп шығару азаяды, катаболизм реакциясының өнімдерімен уыттың денеге таралуы дамиды.

Бұзаулардағы диспепсияның дамуына себепші факторлардың дамуына нақтырақ тоқталсақ. Төлдеген сиырлар мен қашарлардағы баланстық негізі (толық емес, сапасыз) сақталмаған рацион. «Аналық-ұрық-жаңа туылған төлдің» биологиялық кешенінің бұзылуының негізгі себептері: қоректік заттардың үйлесімсіздігі; зеңмен бүлінген ірі азықты беру; белсенді серуеннің болмауы; мал шаруашылығы өнімдерін алу технологиясының жеке кезеңдерінің күйзеліс жағдайы. Қысқы-қоралы кезеңде дәрумендер мен микроэлементтердің жетіспеуі малдардың қалыпты қажеттілігінің 30-70 % құрайды. Егер суалу кезеңінде сиырларда жалпы ақуыздың мөлшері 71 г/л және гамма-глобулиннің мөлшері 22 г/л кем болса, бұзауларда іш өту факторын болжауға болады. Сиырлардың қанында глюкозаның мөлшері 2,05-2,94 м/моль/л жоғары немесе төмен болса, онда бұзаулардың диспепсиямен ауруы 4,5 есеге, өлім-жітім 7,5 есеге артады. Биохимиялық зерттеулерде зәрде кетондық денелер мен ақуыз анықталады. Қанда каротиннің 0,275±0,012мг%, қанттың 2,36±0,208 ммоль/л, жалпы ақуыздың 69,8±1,0 г/л азаюы байқалады. Бұл мәліметтер орны толтырылған ацидоз және жасырын сипаттағы дәрумендік, көмірсу-майлы, ақуызды және өзге де алмасулар туралы айқындайды.

Жетекші себеп – қалыпты және шартты-патогенді микрофлора арасындағы баланстың бұзылуы. Жаңа туылған бұзауларды қоректендіру және күтудің зооветеринариялық ережелерінің бұзылуы ішек-қарын жолының қызметтік бұзылуына алып келеді, бірақ олар

ұлтабардың қабынуының, колибактериоз және т.б. пайда болуының және дамуының алғашқы себептері болып табылмайды. Бұл бұзушылықтар шартты-патогенді микрофлораны белсендіру үшін алғышарт және қолайлы жағдай болып табылады, осылайша фермадағы бұзауларда патологияның пайда болуына әсер етеді. Егер осы факторлардың аясында енжарлату (дезинфекциялау, санитарлық жинау және т.б. болмауы) және шартты-патогенді микробтардың жиналуы үшін қолайлы жағдайлар болса, онда аурудың ауырлығы күшейіп, ауру малдар саны көбейеді.

Ерте кезеңдерде де, қазіргі уақытта да жаңа туылған төлдерді емдеу үшін дәрілік шөптерді қолдану ұсынылады. Этиологиясына, клиникалық белгілеріне және өзге де факторларға байланысты дәрілік шөптерді жеке және өзге дәрілік құралдармен бірге қолданады, мұнда емдің шығындары айрықша азаяды.

Емдік шөптердің тұнбасымен микробқа қарсы заттарды қолдану бұзаулардың диспепсияға шалдығуын 100 пайызға азайтады.

Ғылыми зерттеулер негізінде ұсынылған кейбір дәрілік шөптердің биологиялық ерекшеліктері мен дәрілік әсер етуші негізіне тоқталсақ.

Қалақай – қалақай тұқымдасына жататын гүлді өсімдіктерге жатады. Қалақай жануарлар мен адам ағзасы үшін де дәрілік әсер ету мүмкіндігі өте жоғары дәрілік шөп.

Қалақай-поливитаминді құнды дәрілік шөп, ол К,Е,А және микроэлементтерге өте бай. Негізінен қалақай шөбінің құрамына кремний және органикалық қышқылдар көп болуының арқасында, ол ағзаның бактерияға, токсиндерге, радиацияның зиянды әсеріне қарсы тұру қабілетін және де ағзаның оттегі жеткіліксіздігінің алдын алады.

Бұл ретте төлдердегі диспепсия ауруына әкелуші себептердің негізіне жататын зиянды микроорганизмдер мен токсиндердің жайылуына мүмкіндік бермейді. Яғни, ағзаның қарсы тұру қабілетін витаминдік құрамы мен микроэлементтерінің жеткілікті дәрежеде болуымен аурудың алдын алуға және емдеуге мүмкіндік береді.

Мия – дәрілік әсер етуші негізі болып, тамыры есептеледі. Мияның тамырында органикалық қышқылдар, сапонин, крахмал, глюкоза, сахарароза, витаминдер мен минералды заттар бар. Әсер етуші негізі – қабынулық үрдістерге қарсы әсер етеді. Сонымен бірге микробтарға қарсы, қызу түсіргіш әсері де бар.

Зерттеу жұмысы Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Приречное селолық округінде орналасқан «Давлетова» ЖШҚ-да жүргізілді.

«Давлетова» шаруа қожалығы негізінен ірі қара мал шаруашылығымен айналысады. Жалпы ірі қара мал саны 150 бас, оның ішінде 80 бас аналық сиыр, 15 бас құнажын, 10 бас бұқа, 45 бас бұзау бар.

Зерттеу материалы ретінде аталмыш шаруашылықтың 18 бас төл алынды. Зерттеу кезінде төлдердің жас ерекшеліктері, азықтандырылуына, бағылуына көңіл бөлінді.

Бұл шаруашылықта сиырлардың барлығы қолдан ұрықтандырылады. Малды жаз жайлауда және қыста қорада ұстайды. Төсеніш ретінде шөп жабындысын қолданады.

Жүргізілген зерттеу бойынша, 2017 жылы шаруашылық бойынша диспепсиямен ауырған малдың орташа көрсеткіші 10 % құрады.

Зерттеу нәтижесінде диспепсия ауруына көбінесе көктем айларында (наурыз-мамыр) туылған бұзаулар шалдығатынын анықтадық. Бұл, жазда, жайылым кезеңінде анасының ағзасында жинақталған қоректік заттар көбіне көктемге қарай таусылып қалуымен түсіндіріледі. Бұндай сиырлардан алынған бұзауларды мал дәрігерлері – гипотрофиктар деп атайды. Олар физиологиялық тұрғыдан толық жетілмеген, өмірлік функциялары төмен және әртүрлі ауруларға бейім болады.

Әрқайсысында 6 бастан үш топқа – екі тәжірибелік және бір бақылау тобына бөліп ажыраттық. Топтарға бұзаулар аналогтар принципі бойынша бөлініп алынды.

Тәжірибе жүргізу кезінде әр мал басына стартин фитопрепаратының 250 мл-ін 0,5-0,7 мл суға езіп бердік. Бірінші тәжірибелік топқа (диспепсиямен ауыратын бұзаулар) емдік мақсатта күн сайын ем нәтиже бергенше стартин препараты беріліп отырды. Жануарлардың екінші тобы (клиникалық тұрғыда сау бұзаулар) сақтандыру мақсатында күн сайын стартин берілді, бұл деректер 1 кестеде көрсетілді.

1 кесте – Стартин препаратымен тәжірибе жүргізу сызбасы

Топ	Бұзаулар саны, n	Зерттеу талаптары
Бірінші тәжірибелік тобы (диспепсиямен ауыратын бұзаулар)	6	стартин, 250 мл
Екінші тәжірибелік тобы (клиникалық тұрғыда сау бұзаулар)	6	стартин, 250 мл
Бақылау тобы (диспепсиямен ауыратын бұзаулар)	6	регидратталған сулы ерітінді

Барлық топтардағы бұзауларды ай сайын тәжірибе талаптарына сай құрылатын рацион бойынша азықтандырдық. Еміп жүрген бұзаулар үшін азықтандыру нормаларын БМИ (ВИЖ) (2003) ұсыныстарына сай есептелінді [12].

Үшінші топ (диспепсиямен ауыратын бұзаулар) бақылау тобы ретінде ұсталғанмен, жануарлардың жағдайы нашарламау үшін регидратталған сулы ерітінді берілді. Регидратталған ерітіндіні беру себебі жетіспейтін судың, макроэлементтердің орнын толтыру үшін және ішектің жиырылу қабілетін қалыптастырып, ас қорыту процесін жақсарту үшін регидральтан ерітіндісі қолданылады. Бұл ерітінді шаруа қожалықта жасалынды.

Тәжірибе барысында клиникалық зерттеулерді жалпы қабылданған әдістеме бойынша морфологиялық және биохимиялық зерттеулер арқылы жүргіздік.

Қанды морфологиялық және биохимиялық зерттеуді Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми зерттеу орталығында жүргіздік. Қан құрамын зерттеуді тәжірибенің әрбір 3-ші және 7-ші күнінде жүргіздік. Зерттеуге қанды таңертеңгі азықтандырудан бұрын, мойынның ойық венасынан алдық.

Морфологиялық зерттеу үшін BC-2800 Vet автоматтандырылған қан тексергіш аппаратын қолдандық.

Жалпы ақуыз мөлшерін рефрактометриялық тәсілмен РЛУ маркалы рефрактометрмен анықтадық. Жұмысты принципі сарысудың сыну коэффициентін анықтауға негізделген. Ерітіндінің рефракциялану дәрежесі оның құрамындағы бөлшектердің санына тікелей байланысты болатындықтан, сарысудың сыну коэффициенті оның құрамындағы ақуыздың мөлшері туралы нақты мәлімет бере алады. Сарысудың сыну коэффициентіне қарап ақуыздық пайыздық үлесін есептейміз.

Жалпы кальций мөлшерін комплексометриялық тәсілмен анықтадық. Бұл тәсіл кальций ионын этилендиаминтетрасірке қышқылының қос натрийлі тұзының сілтілі ортасында мурексидтің индикатор ретінде қатысуымен тікелей титрлеуге негізделген. Индикатормен байланысқан кальций иондары этилендиаминтетрауксусты қышқылы (ЭДТА) көмегімен титрлеген кезде реакция беріп, индикаторды бөліп шығарады, соның салдарынан индикатор ерітіндіні күлгін түске бояйды.

Бейорганикалық фосфорды ванадо молибдатты реактивпен қанның ақуызсыз фильтратында анықтадық. Аталған тәсіл лимон сары түске боялуға негізделген, боялу шегі фотоэлектрколориметрде өлшенеді.

Глюкоза көлемін глюкозооксидатты тәсілмен есептедік. Әдістің принципі глюкозооксидазаның каталитикалық әсерінен р-D глюкозаның ауадағы оттегімен тотығуға негізделген, соның нәтижесінде сутегінің асқын тотығының эквиволярлы саны пайда болады. Пероксидазаның әсерінен сутегінің асқын тотығы фенолдың қатысуымен 4-аминоантипиринді тотықтырып фотометриялық жолмен анықталатын қызғылт-қызыл түсті қосылыс түзеді.

Витамин А дәруменін колориметриялық тәсілмен анықтадық. Бұл тәсіл А дәруменінің үшхлорлы сурьмамен әрекеттесіп, белсенділігі А дәруменінің шоғырлануына байланысты болатын көк түсті қосылыс түзуіне негізделген.

Емдік шара жүргізілген бұзаулардағы температура, тыныс алу жиілігі, жүрек соғысы және месқарынның жиырылуы жайлы мәліметтер 2 кестеде баяндалды.

2 кесте - Емдік шара жүргізілген бұзаулардағы температура, тыныс алу жиілігі, жүрек соғысы және месқарынның жиырылуы

Көрсеткіштер/ емдеу күндері	Бұзаулардың топтары											
	1-тәжірибелік топ				2-тәжірибелік топ				3-бақылау тобы			
	T ⁰ C	Тыныс алуы/мин	Жүрек соғысы/ мин	Месқарын жиырылуы 2 мин	T ⁰ C	Тыныс алуы/ мин	Жүрек соғысы/ мин	Месқарын жиырылуы 2 мин	T ⁰ C	Тыныс алуы/ мин	Жүрек соғысы/ мин	Месқарын жиырылуы 2 мин
Емдеуге дейін	38,4	16,0	68	9	38,7	16,0	70	5	38,4	16,0	68	9
Емнің 3-ші күні	38,8	19,0	71	7	38,7	16,0	69	4	38,5	16,0	66	9
Емнің 7-ші күні	39,2	23,0	75	5	38,9	21,0	72	5	38,4	16,0	68	8
Қалыпты жағдайда	Температура 38,5-40,0, тыныс алу минутына 12-25 рет, жүрек соғуы 70-80 рет және месқарынның жиырылу жиілігі 2 минутта 3-5 рет											

Кестедегі берілген мәліметтерді талдасақ, 1 және 2-ші топ бұзауларына стартин препаратын бірдей дозада берген кезде жануарлардың жалпы жағдайының жақсарғанын анық көруге болады. Ал бақылау тобындағы жануарлардың жалпы жағдайы нашарламау үшін регидратталған сулы ерітінді тағайындалды. Бірақ аталған ерітіндінің емдік әсері стартин препаратына карағанда әсер етуі төмен.

Стартин препараты диспепсия кезінде ішектің моторлық қызметін жақсартты.

Қорытынды.

1. «Давлетова» ШҚ-дағы бұзауларда диспепсияның пайда болуына себеп болған факторларға төлдеген сиырлар мен жаңа туылған бұзаулардың қанының ақуызы құрамында А витаминінің, каротиннің, кальций және органикалық емес фосфордың болуы және уыздың ақуызы құрамындағы каротин мен А витаминінің болуының арасындағы байланыс бұзылуынан екендігі анықталған. Көп жағдайда, бірінші сауылған уызбен (сарысулы ақуыздарға, каротинге және А витаминіне бай) қоректенген бұзаулар, диспепсия ауруына сирек шалдығады.

2. Стартин препаратын бұзауларға тәулігіне 250 мл мөлшерінде беру оң терапевтикалық әсер берді деп айтуға болады және өзгерістер бұзаулардың жалпы клиникалық, сонымен қатар морфологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің жақсаруымен сипатталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Иванов А. В., Папуниди К.Х., Тремасов М.Я. Диагностика, профилактика и лечения желудочно-кишечных болезней новорожденных телят. – М., 2011. - 39 с.
2. Макаревич Г.Ф. Профилактика иммунных дефицитов и диспепсии у новорожденных телят В-активином и витамином А: автореф. ... канд. вет. наук: 16.00.01. - Витебск, 1997. – 21 с.
3. Васин Ю.А. Лечебные средства при диспепсии телят // Новые фармакологические средства в ветеринарии. - 1989. - С. 15-16.
4. Абрамов С.С. Патогенетическая терапия при диспепсии телят // Экологические проблемы патологии, фармакологии и терапии животных: матер. междунар. координац. совещ. – Воронеж: 1997. - С. 283-284.
5. Чернышев А.И. Как сохранить телят. – Казань: Агроуниверситет, 1986. – 112 с.
6. Абрамов С.С. Профилактика незаразных болезней молодняка. - М.: Агропромиздат, 1990.- 175 с.
7. Авакьянц Б.М. Фитотерапия при болезнях желудочно-кишечного тракта животных // Ветеринария. - 1996. - №12. - С. 11-14.
8. Агий В.М. Профилактика желудочно-кишечных и респираторных болезней телят путем изменения технологии их содержания // Проблемы агропромышленного комплекса Карпат. - 1994. - вып 3. - С. 204-213.
9. Алимов А. Желудочно-кишечные болезни телят и их профилактика // Ветеринария. - 2011. - №2. - С. 17-18.
10. Венедиктов А.М. Справочник по кормлению сельскохозяйственных животных. - М.: Россельхозиздат, 1983. - 303 с.
11. Волков Г.К., Баранников В.Д. Проблема выращивания здорового молодняка // Ветеринария. - 1997. - № 2. - С. 7-10.
12. Нормы и рационы кормления сельскохозяйственных животных / под ред. Калашникова А.П., Фисина В.И., Щеглова В.В., Клейменова Н.И. - М., 2003. – 257 с.

РЕЗЮМЕ

В статье приводятся результаты исследования этиологии диспепсии у телят и лечения больных телят в крестьянском хозяйстве «Давлетова», Теректинского района, Западно-Казахстанской области.

При лечении диспепсии у телят важно рассмотреть наиболее экономически эффективные методы лечения. Поэтому для лечения важно использовать биологические активные вещества, в том числе лечение естественными растениями (фитотерапия). К таким веществам можно отнести тритерпеноидное сырье. Термин «Диспепсия» впервые был введен австрийским врачом-педиатром Видергофером в 1875 году. Диспепсия – это клиническое

проявление нарушения функциональной деятельности желудочно-клинического тракта, без каких-либо патолого-анатомических изменений. В качестве исследовательского материала в хозяйстве использованы 18 телят. Во время исследования обращали внимание на возраст, кормление и наличие моциона у молодняка. Научное исследование было направлено на выяснение эффективности результатов использования натурального стартина в сопоставимых дозировках на телятах больных диспепсией.

Стартин - комбинированный препарат, представляющий собой комплект-упаковку порошкообразных веществ, общей массой 550 г, расфасованных в три пакета из полиэтиленовой пленки. Стартин подавляет патогенную микрофлору в тонком отделе кишечника, предупреждает образование в сычуге казеиновых безоаров, нормализует водно-солевой баланс в организме, стимулирует пищеварение.

RESUME

In the article results of researches the etiology of dyspepsia in calves , and the results of the treatment for the sick at the farm «Davletova», Terekty district, West Kazakhstan region.

When treating dyspepsia in calves, it is important to consider the most cost-effective treatment methods. Therefore, for the treatment it is important to use biological active substances, including the treatment of natural plants (herbal medicine). These substances include triterpenoid raw materials. The term «Dyspepsia» was first introduced by the Austrian pediatrician Wiederhofer in 1875. Dyspepsia is a clinical manifestation of a violation of the functional activity of the gastro-clinical tract, without any pathological changes. 18 calves were used as research material on the farm. During the study, attention was paid to age, feeding, and the presence of exercise in young animals. Scientific research was aimed at finding out the effectiveness of the use of natural startin in comparable dosages on the calves of patients with dyspepsia.

Startin is a combined preparation, which is a set-package of powdery substances, with a total weight of 550 g, packaged in three bags of polyethylene film. Startin suppresses pathogenic microflora in the small intestine, prevents the formation of casein bezoars in the abomasum, normalizes the water-salt balance in the body, stimulates digestion.

УДК 637.52(574.21)

Исабаев А.Ж., кандидат ветеринарных наук, доцент

Щеклеина Н.Ю., магистрант

РГП на ПХВ «Костанайский государственный университет имени Ахмета Байтурсынова»,
г. Костанай, Республика Казахстан

КОНТРОЛЬ КАЧЕСТВА ВАРЕННЫХ КОЛБАС, РЕАЛИЗУЕМЫХ В ТОРГОВОЙ СЕТИ Г.КОСТАНАЙ

Аннотация

Наибольшим спросом у населения пользуются вареные колбасы, объясняется это более низкими ценами и употреблением вареной колбасы в составе различных блюд. Их доля в общем колбасном производстве в разных регионах Республики Казахстан достигает до 60 – 70 %. Вареные колбасы, приготовленные из натуральных продуктов имеют высокую пищевую ценность. Вареные колбасы изготавливаются из основного мясного сырья- мяса говядины, свинины, баранины, мяса птицы, с добавлением различных растительных белков, муки, крахмала и других добавок, все это, а также другие факторы (высокая влажность, отсутствие процесса копчения) способствуют быстрой порче продукта, именно поэтому к качеству вареных колбас предъявляются более жёсткие требования.

Данная статья посвящена ветеринарно-санитарной экспертизе 4-х образцов вареных колбас реализуемых в торговой сети г. Костанай. Производителями исследуемых образцов являются как местные производственные организации, так и зарубежные. Изучен их состав и определена их доброкачественность, соответствие требованиям действующих стандартов и